

**ЖАҒАНДАНУ  
ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ  
МӘДЕНИ КЕҢІСТІКТЕГІ  
ҚҰНДЫЛЫҚТАР  
ӨЗГЕРІСІ**

1991 жылы Қазақстан Республикасы егеменді мемлекет ретінде тәуелсіздігін бүкіл әлемге жария еткеніне біршама жылдың жүзі өтті. Кеңестік-тоталитарлы режимнен кейінгі еліміздің тәуелсіздігімен келген және мемлекет пен халық таңдаған негізгі құндылықтар еркіндік пен ашықтық, демократиялық-либералдық сипат алды. Қазақтың бағзы замандардан бойына сіңіріп келген қонақжайлылық, еркіндікке құштарлығы, батырлығы мен дана қасиеттері – тәуелсіздіктің қиын-қыстау кезеңдерінде айқын көрінісін тапты және ол – қазақтың тарих сахнасындағы алғашқы таңдауы емес-ті. Сондықтан да, Қазақстан Республикасы жаңа дәуірді басынан кешіруде бейбітшілік пен келісімді орнату мақсатында 1991 жылдың 29 тамызында ядролық қарудан және қаруланудан бас тартты. Бұл тәуелсіздікпен келген үлкен жетістіктердің бірі ғана болса, ядролық қарусыздану еліміздің жаһандық жетістіктерінің бірі және жаңа республиканың әділ қадамын әлем мемлекеттері мойындады. Мұндай батыл шешім мен қадам қазіргі таңдағы дүниежүзілік ядролық клубқа енетін мемлекеттерге көрсетілген үлгілі іс болды және 29 тамыз бүкіләлемдік ядролық қарусыздану күні ретінде халықаралық деңгейде қабылданды. Қазақстан тәуелсіздік іргесін қалаған күндерден әлемді үнқатысу мен бірігуге, өзара болысу мен демеуге шақырып келеді. Көнеден рухани тамырынан қол үзбеген дәстүрлі қоғамымыз жаңа әлемдегі жаңғыру үдерісін сәтті де, тиімді игеру үстінде. Әйтсекте, елдігімізді қалауда қоғамда орын алып жатырған көкейтесті мәселелер баршылық және олардың бірін жаһандану аясындағы адам құндылықтарының трансформациясы, құнсыздануы, құбылмалы күй кешуі, шекаралық өлшемдерден тым өтіп кетушілік болып отыр.

Түрлі тарихи және саяси ықпалдар мен себептер нәтижесінде бірнеше ұлттар мен ұлыстар XX ғасырда қазақ топырағына жер аударылған болатын. Сол кездегі кеңестік интернационалистік саясаттың ықпалымен имигранттар қазақ жерінде мәдени интеграцияның құрамдас бөлігіне айналды және оны сол кезең саясаты мен идеологиясы күштеп ендірді. Уақыттық және стихиялы үдерістердің нәтижесінде мәдени диффузионизм көрініс тапты және ұлттық болмысымызға, тәуелсіздігімізге, әділдікке деген халық құштарлығы әрдайым

толастамады. Қазіргі Қазақстан Республикасы Конституциясында азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтары, мүмкіндіктері тең дәрежеде қабылданды және үдеріс демократиялық-либералдық жолмен жүзеге асуда. Сондықтан да, мемлекетіміздің кеңестік-атеистік режимнен кейінгі ашықтық, демократиялық саясаты елімізде діни-мәдени әралуандылық мен көпқырлы рухани құндылықтар жүйесін қалыптастыруда. Бұл кез келген ашық қоғам құрғысы келген мемлекеттің алдында тұрған ұстындарының бірі екені тарихи үдерістерден белгілі. Бірақ жергілікті дәстүрдің тарихи тамыры мен мәдени мұрасы, генетикалық кодын жойып жіберу немесе құрдымға жіберу мүмкін емес. Сондықтан да болар қазіргі ұлт зиялыларының ұлттық бірегейлік мәселесін жиі жиі қозғап, мемлекеттік деңгейде көтерулері кездейсоқ құбылыс емес.

1995 жылдың 1 наурызында Қазақстан халықтары ассамблеясы құрылды. Қазіргі Қазақстанда 140 этнос өкілдері мен 17 конфессия қатар бейбіт өмір сүріп жатыр деп айтып жүрміз. Азаматтық татулық пен ұлтаралық келісім, әлем мәдениеттері мен діндерінің үндесуі Қазақстанның әлемдік деңгейдегі үлгісі ретінде танылды. Қазақстан мәдениетаралық және конфессияаралық үнқатысудың халықаралық орталығына айналды және оған дәлел ең алғаш рет Әлемдік және дәстүрлі діндердің төрт съезі елімізде өткені белгілі. Соңғы съезд жұмысында ел Президенті: «Адамзаттың жаһандық тарихында Бейбітшілік пен Келісімнен өткен құндылықтар болған емес. Мен полимәдениеттілік, этностық және діни саналуандық – ол қоғам үшін қатер емес, орасан артықшылық деп есептеймін», – деп ерекше атап өтті [1]. Мемлекеттік деңгейдегі өткен аталмыш шаралардың барлығы еліміздің идеологиялық іргетасына айналып, қоғамдық санада ұлттық құндылықтардың бағдарларын айқындауда. Мемлекеттік саясаттан аңғарғанымыздай қазіргі еліміз жағдайындағы азаматтарымыздың құндылықтар жүйесі де әралуан. Бұл біздің артықшылығымыз ба, әлде кемшілігіміз бе деген сұрақ қою орынсыз да болар, өйткені ХХІ ғасыр өзінің қарқынды жаһандық үдерісі мен коммуникациялық технологияларымен әралуан құндылықтар жүйесін некелестіруде.

Сондықтан да болса керек жаһандану дәуірі әлемдік үдеріс алған шақта елімізде мәдениеттер мен діндердің, түрлі рухани-материалды құндылықтар жүйелері қатар өмір сүру жағдайы туындап отыр және оған қазақ қоғамының икемделуіне елімізде маңызды шешімдер мен

шаралар қабылдануда. Мәселен, мемлекетіміздің алдында демократиялық-либералдық және азаматтық қоғам құру мақсаты мен міндеті тұр. «Азаматтық қоғам дамуда, тәуелсіз БАҚ жұмыс істеуде. Түрлі бағыттағы 18 мыңнан астам үкіметтік емес ұйымдар жұмыс істейді. 2,5 мыңдай БАҚ бар, оның 90%-ы – жеке иелікте» [2]. Әзірше қоғамдық БАҚ пен мемлекеттік емес ұйымдардың және билік арасындағы өзара әрекеттестік, ымыраластық, кері байланыстардың болмауы көңілді көншітуде. Дегенмен, аталмыш институттардың бір ретке және табан тіреп келе жатқаны анық байқалады.

Бірақ, қазіргі жалпыадамзаттық қоғам келбетінің психологиялық-идеологиялық тұрғыда санаға әсер ету алаңы ашық қоғам жағдайында барынша күрделі сипат алып келе жатыр. Шынайы әлеуметтік өмір осы ықпал шеңберінен тыс бола алмайтындығы түсінікті жайт. Ендеше, бұл ахуал біздің қазақстандық қоғамға да тікелей қатысты болып келеді. Атап айтқанда еліміздегі рухани-мәдени сала сыртқы және ішкі, сонымен қатар жағымды-жағымсыз болып бағаланатын қым-қиғаш психологиялық мынадай өрістер тасқынын **бастан кешіріп отыр: жаһандану, американдандыру, исламдандыру, орыстандыру, қайта қазақтандыру** т.б. Бұл сайып келгенде, осындай идеял-идеологиялардың бәсекелестік аренасын, өміршеңдігі мен нәтижеге ұмтылуының «тіршілік үшін күрес майданын» өздігінен-ақ ерікті-еріксіз түрде жасап алады. Бұл жердегі басты мәселе, келешек ұрпақтарды тәрбиелеу мен тұлға қалыптастыруда, демократиялық ұстанымның басты белгілерінің бірі, олардың осындай өмірлік ізденістер бейнесінде көптүрлі нұсқалар арасынан өзінің таңдау еркіндігіне тағайындалғандығы және бұдан туындайтын ахуал – жағымсыз идеологиялардан ұрпақтарымызды сақтандырудың тетіктерін қалай құру қажеттігіне келіп тоғысады. Осындай түйткіл қоғамымыздағы ағартушылық бағыттағы әлеуметтік институттардың маңызды міндеттері болғандықтан, микрофакторлар аясында барынша жүйелі қолға алынып отырған үрдіс [3].

Қазіргі таңда қарқынды үдеріс алған жаһандану құбылысы жайлы теориялардың мәні мен мазмұны біржақты емес. Шартты түрде үдерісті жүзеге асырып отырған жаңа технологияларды коммуникация құралдары деп атасак, олар заманауи адам руханиятын қалыптастыруда, трансформациялауда, әлеуметтендіруде барынша қызметін атқарып отыр. Мұны тіпті дәстүрлі әлеуметтендіру институттарынан да артық жүзеге асыруда десек, қателік емес. Мәселен,

отбасы, әйел, бала тәрбиесі, ұлттық мәдениет, патриотизм сынды құндылықтардың БАҚ беттерінде әлсін-әлсін көтеріліп жүргені кездейсоқтық емес.

Жаһандық үдерістердің интеграциясында қоғамымызда ұлттық дәстүр мен мәдениеттің, құндылықтардың әралуан сипат алуы кездейсоқтық емес. Мәдениеттер мен құндылықтардың әралуандылығына серпін берген жаңа масс-медиа қарыштап дамып келеді. Әлемдік ғылым мен техника әрбір минут-сағат өлшемімен дамуда және әлемдік білім қоғамы қалыптасты. Заманауи әлеуметтанушылар мен мәдениеттанушылардың жаһандық мәдени динамиканың тетіктеріне жағымды мән-мазмұн беруінің орынды сипаты да бар. Мәселен, отандық зерттеуші Б.Ф. Нұржанов: «Сондай-ақ, интернет+компьютер бүгінгі гуманитарлы ғылымның күн тәртібінде тұрған идентификация форматын радикалды түрде өзгертуде. Қазіргі таңда әлеуметтанушылар, философтар мен психологтар көп жазып жүрген ұлттық идентификация қауіптілігі болса, ол жаһандану, интер немесе трансұлтшылдық, космополитизация т.б. үдерістерінен емес, қоғамның компьютеризациялануы мен интернетизациялануынан. Сонымен қатар терең экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдени және көркем трансформацияланған жаңа медиа «адамды» және оның субъективтілігі мен идентификациясының қалыптасу тәсілдерінің құрылымын радикалды түрде трансформациялауда» – деп әділ пайымдауда [4, 6 б.].

Тарих тегершігі адамзатқа сынақ жіберу немесе табиғи эволюцияға бейімделу талаптарын ұсыну, тіпті болмаса, өздері құрастырған беталыс аясында, өзін-өзі танудың жобасымен үнемі-үздіксіз ізденіс тағдырын тағайындаған сынайлы. Қазіргі кездегі әлемдік жаһандану үрдісі өз кезегінде: экономикалық-саяси, мәдени-әлеуметтік, рухани-психологиялық тұрғыдан қауымдасудың үлгісін сабақтастырып келеді. **Жаһандануды зерттеушілер оның осындай көп жақты құбылыс екендігін пайымдап, оның көп қызметті тұрпатын ашып көрсетеді [5].** Жаһандану құбылысы бүгінгі заманғы әрбір ұлт мен ұлыстардың, жалпыадамзаттың біріңғай өмір сүруді жалғастыруының өзекті мәселелерінен пайда болған, жалпы алғанда, гуманистік тұғырлы болып келетін әлемдік интеграциялық беталыс болып табылады. Бұл беталысты зерттеуші ғалымдарымыз бен қоғамдық санадағы пікірлер көп жағдайда әрқалай ұстанымдармен сараланады: глобалистер мен антиглобалистер, бейтарап көзқарас ұстанушылар. Жалпы ал-

ғанда, антиглобалистердің ой тасқынындағы негізгі бір жүйелі ұғымдық себеп – ұлттар мен ұлыстардың өзіндік болмысының сақталу-сақталмау мәселесіне келіп тіреледі [6, 9-13 б.]. Шындығында да, бұл пайым мен зерде тұрғысынан кең толғанылатын түйткіл мен ой түрткі. Өйткені ұлттық құндылық дегеніміз құбылмалы, өзгермелі сипат алуы ұлттың мәңгірттенуіне алып келуі мүмкін деген ұрандар да баршылық.

Осы орайда, ғалымдарымыз ұлт мүддесі мен болашағы, рухани құндылықтары туралы пайымды пікірлерін де әр тарапты шешу жолдарымен ұсынып келеді. Соның бірі – соңғы жылдары қолға алынып жүрген жалпытүркілік бірлік идеясы, демек, түркі халықтарының мәдени деңгейде өзара ұйысуы мен ынтымақтастығының жалпы моделі болса, оның тек мәдени-құндылықтық қана емес, саяси, экономикалық, ұлттық бірегейлену сынды тұстары маңызды.

Заманауи мәдени кеңістіктегі құндылық түсінігінің мәні саналуандылыққа айналды және метафизикалық біржақтылықтан прагматикалық икемділікке бет бұрды. Тіпті ұлттық бірегейлену мен этномәдениеттің айшықталмауының және айқындалуының мүмкін емес себебі көпвекторлы құндылықтардың қалыптасып отырғанынан да, тілдік шұбарлықтан да емес. Ұлттық мәдениет пен құндылықтардың жаңғыруы заманауи дәуірдің маңызды шарттарының бірі және шектелу мен тұйықталудың алдын алудағы ұстындарды айқындап, тиімді бағдарлауында жатыр. Заманауи дәуір сипатының саналуандығы мен оған баға берушіліктің жан-жақтылығы қазіргі мәдени құндылықтар тұтастығының көпқырлы болмысында. Оның жедел масс-медиа құралдарымен коммуникациялануында және адамзаттың құндылықтарды өндіруі мен тұтынуында. Қазіргі әлеуметтік-гуманитарлы ғылымдардың алдында тұрған мәселелердің бірі – заманауи демократиялық-либералдық, әлеуметтік жаңаруды оңтайлы жүзеге асыру болса, ол қоғам және оның құрамдас бөлігі болып табылатын адамға мәдени-құндылықтық аспектілерді таңдау еркіндігін ұсынып отыр.

Заманауи Қытай мемлекетінің жаңғыруын көптеген зерттеушілер олардың дәстүрлі қоғамнан техногендік қоғамға көшуімен сипаттаса, құңфудзышылдық құндылықтарымен түсіндіретіндер де табылуда. Ұлттық дәстүрді сақтай отырып жаңғыру немесе дәстүрдің жаңғыруы жаңа реакция мен адам, қоғам құндылықтар жүйесінде трансформацияны туындатаны айқын. «Қазіргі таңдағы террор масс-

медиа құралдары арқылы жүзеге асуда. Барлығы барлығынан қорқады, сондықтан да террор қазіргі жинақтаудағы негативті стратегия болып табылады: бұл қауіп адамдарды сіңісуге мәжбүрлейді. Бірақ жинақтаудың позитивті тұстары жайлы да ойлану керек. Этнос деструктивті әрекет етеді, бірақ біз ол қалай конструктивті әрекет ете алатынын түсінуіміз қажет. Сұхбатты қазіргі таңда «құрама интер-субъективтілік» деп атайды. Париж қаласының маңында өмір сүріп жатырған араб мемлекеттерінен келушілер интеграцияға енгісі келмейді... «Мәдени қазан» және мультимәдениет идеялары ескіргеніне **біршама уақыт өтті. Иммигранттар француз немесе американ ұлттарына сіңіскісі келмейді.** Мұнда ұлттық мінез-құлықтың ешбір ықпалға мойымайтын сақталуы сынды өзіне тән онтологиясы жайлы айтуға болады» [7, 18 б.]. Тәжірибе көрсетіп отырғандай қаншалықты жаһандану үдерісі жүргенімен оның ұлттық нақыштағы құндылықтық моделі болады.

Еліміздің құндылықтар жүйесі ХХ ғасырда айтарлықтай трансформацияланды және оның құндылықтық аспектілері қазіргі таңда да көрініс беруде. «Қазақтарға, олардың мәдениеті мен дәстүрлеріне ауқымды еуразия кеңістігі, дала, олардың саяхат жасаған алыс қашықтықтары өз іздерін қалдырды. Мүмкін, өзге ортазиялық халықтарға қарағанда оларда жақсы және жағымсыз мағынадағы орыстану мен еуропалану да басым» [8, 37 б.]. Дегенмен, әлемдік үдерістің бір орнында тұрмайтыны секілді еліміздегі қоғамдық сананың бірегейленуі мен мән-мазмұны да біршама түлеп, мәдени реакциясынан көріністер беруде. Мемлекетіміздің ашықтық саясаты мен ұлттық дәстүрдің ерекшеліктері салдарынан әлемдік жаһандық үдерістерге қоғам бейімделіп, қоғамымызда ұлттық құндылықтар жүйесі қалыптасып келеді.

Жаңа әлем бейбітшілік пен келісімді талап етеді және ғылыми-білім Жер шары тұтасымен адамзат баласының мекені екенін көрсетуде. Жаңа технология адамзаттың бірігуіне түрткі болып, мәдениеттер мен дәстүрлер, ұлттық құндылықтар арасындағы белестерді алуға. Ішкі мәдени колорит пен мәнділік мазмұнының оңтайлы жаңғыруының ерекшеліктері мен негізгі тетіктері баршылық. Мәселен, олардың кейбірін икемдеу «қажетті болып табылады: халықаралық және ішкі дамудағы өзекті мәсе-

лелер бойынша нақты бағыттарды жоғалтып алмау; өміршең тенденциялар қайнарларын жинақтау; назарды әлеуметтік және гуманистік технологияларды күшейтуге бағыттау; келісімге дайын болу және экстремизм элементтерінен алшақ болу. Бұл позитивті қадамдар түптеп келген дамудың инновациялық түріне бағытталған. Және де олар жаһандық әлемге енуге ондағы өз орнын табуға мүмкіндік береді» [9, 169-170 б.]. Мәдениетаралық түсінбеушіліктер мен келіспеушіліктер, қақтығыстар орын алмауы тиіс деген **гуманистік ойлар бағзыдан бері айтылып келеді.** Әйткенмен, бұл адамзаттың тарих алдындағы үлкен сыны, білімі мен ағартушылық деңгейінің өлшемдерін айқындайды. Адам құндылықтарының трансформациясын қажетті мәдени заңдылық ретінде түсінбеу және шартты құбылыс ретінде қабылдау радикалды әрекеттерге ұласып жатады. Қазіргі әлеуметтік-гуманитарлы ғылым салаларының зерттеулері көрсетіп отырғандай заманауи әлеуметтік ғылымдар мен өнер, әдебиет еркін тыныстауды, либералдылықты ұстанғанда ғана сапалы дәрежеге жетеді. Әлемді, жекелей қоғамды, мәдениетті органикалық организм ретінде қабылдасақ, «жаңа әлемде жаңа тән жаңғырады. Тән – жаңа, мәңгі жаңа, сондықтан ол жаңғырады» – деп пайымдауымызға болады [9, 9 б.].

Адамзат өз тарихи дамуындағы күрделі де аса жауапты сәтті кешіруде. Жаңа тарихи дәуірдің алдында тұрмыз. Қоғамдық өмірдің жаңа формаларының ерекшелігі сонда, олар принципті түрде барлық әлемдік қауымдас-тықтың күш біріктіруі негізінде пайда болуы мүмкін. Сондай-ақ, әлемдегі бір ғана мемлекет бүкіл әлемге өз үстемдігін жүргізе алмайды, әлемдегі діндердің біреуі ғана жеке абсолюттік құқыққа ие бола алмайтыны секілді тұйықталған үстем құндылықтар жүйесі болмайды. Ол әрқашан **өзгеріп, синтездеуге ұшырап отырады. Осының барлығы жиналып келгенде адамзат тағдырының ортақтастығын түйсіну мен өзара ықпалдастығына әкелуі тиіс.** Мұндай жағдайда мәдениет пен оның жаңашылдық мәселесінің өзектілігінің күшейіп, күрделене түсетіндігі, осы екі ұғымға қайта-қайта зер салып, бағамдайтындығымызды айқындайды. Оны зерделеуіміз тарихымыздың нақты кезеңдеріндегі нақты көріністерін философиялық талдаумен тығыз байланысты.

**Әдебиеттер**

- 1 Бейбітшілік пен келісім – адамзат таңдауы // Егемен Қазақстан. – 2012. – 31 мамыр. – №283-287. – Б. 2.
- 2 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // Егемен Қазақстан. – 2012. – 15 мамыр. – №828-831 (27902). – Б.1-3.
- 3 Аташ Б.М. Ұлттық идея аясындағы тәрбиенің теориялық-әдіснамалық негіздерінің заманауи түйткілдері // ҚазмемқызПУ хабаршысы. Педагогика сериясы. – 2012. – №4(40). – Б. 78-81.
- 4 Нуржанов Б.Г. Постмодернизм и новые медиа (компьютер и интернет) // // Тамыр. – 2012. – № 2(32). – С. 3-9
- 5 Гранин Ю.Д. Глобализация и национализм: история и современность. Социально-философский анализ. Автореф: дисс. док. филос. наук. – Москва, 2008. – 38 с.
- 6 Қазақстан в глобальном мире: вызовы и сохранение идентичности // Адам әлемі. – 2011. – №4 (50). – С. 9-13.
- 7 Беседа с Алексеем Грыкаловым «Философ – это гений места» // Тамыр. – 2012. – № 2(32). – С. 10-23
- 8 Малинин Ю. Их так много! // Тамыр. – 2002. – №1(6). С. 36-39.
- 9 Мерлин В. Пломбированный зуб // Тамыр. – 2002. – №1(6). С. 3-5.

**References**

- 1 Beybitshilik fen kelisim – adamzat tandauyi // Egemen Qazaqstan – 2012. – 31 мамыр. – №283-287. – P. 2.
- 2 Nazarbayev N.A. “Qazaqstan-2050” strategiyasyi - qalyptasqan memlekettin zhana sayasi bagytyi / N.A. Nazarbayev // Egemen Qazaqstan. – 2012. – 15 мамыр. – №828-831 (27902). – Б.1-3.
- 3 Atash B.M. Ultytk idea ayasyndagy tarbienin teoriyalıq-adisnamalyq negizderinin zamanauı tytkilderi // QazmemqyzPU Khabarshysyi. Pedagogyka seriyasyi. – 2012. – №4 (40). – B. 78-81.
- 4 Nurzhanov B.G. Postmodernizm i novye media (kompyuter i internet) // // Tamyr. – 2012. – № 2(32). – С. 3-9
- 5 Granin Yu.D. Globalizatsiya i natsionalizm: istoriya i sovremennost. Sotsial’no-filosofskiy analiz. Avtoref: diss. dok. filol. nauk. – Moskva, 2008. – 38 s.
- 6 Kazakhstan v globalnom mire: vyzovy i sokhranenie identichnosti // Adam әlemi. – 2011. – №4 (50). – S. 9-13.
- 7 Beseda s Alekseeem Grykalovym «Filosof – eto geniy mesta» // Tamyr. – 2012. – № 2(32). – С. 10-23
- 8 Malinen Yu. Ikh tak mnogo! // Tamyr. – 2002. – №1(6). С. 36-39.
- 9 Merlin V. Plombirovanny zub // Tamyr. – 2002. – №1(6). С. 3-5.